

S.K.Amandykova

## **Development of the concept of constitutional rights and freedoms of man in statutory provisions of the Constitutional Council of the Republic of Kazakhstan**

Almost every regulatory decision of the Constitutional Council is directed to the protection of specific rights and freedoms of man and citizen. In its decisions the Constitutional Council directs the development of the legal system, law making and enforcement of compliance with the direction of their current understanding of human rights and freedoms enshrined in core international acts. Author analyzes the regulatory decisions of the Constitutional Council, which address the rights and freedoms of man and citizen of the Republic of Kazakhstan. The author identifies the main path of development of constitutional doctrine of human rights and freedoms in Kazakhstan.

ӘОЖ 351.824

И.К.Елеусизова

*«Қазақстан Республикасының Заң шығару институты» ММ, Астана (E-mail: Indira\_e@mail.ru)*

### **Өнеркәсіптік меншік объектілерінің құқықтық реттелуінің шетел тәжірибесі**

Мақалада автормен өнеркәсіптік меншік объектілерінің құқықтық реттелуінің шетел тәжірибесі барынша жан-жақты қарастырылды. Өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі сияқты өнеркәсіптік меншік объектілерін азаматтық айналымға енгізу тәртібін қамтитын әлемдегі өндірісі мен өнеркәсібі жағынан жетекші орындарды иеленетін мемлекеттердің ұлттық заңнамаларына салыстырмалы талдау жүргізілді. Алынған нәтижелер негізінде Қазақстан Республикасының осы саладағы заң актілерін жетілдіру жолдары ұсынылған.

*Кілтті сөздер:* халықаралық құқық, халықаралық реттеу, өнеркәсіптік меншік нысандары, ұлттық заңнама, ҚР құқық қолдану әрекеті.

Қазақстан Республикасының қысқа мерзім аралығында ғана әрекет еткен өнеркәсіптік меншік объектілерінің құқықтық реттелуін жетілдіру үшін оған осы салада жүз жылдан астам тәжірибесі бар кейбір шет елдердің патенттік жүйесін қарастыру өте маңызды болып табылады.

Әлемде өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғаудың үш жүйесін атауға болады. Олардың біріншісі — өнертабыс пен өнеркәсіптік үлгіге берілетін патент және қысқа мерзімге берілетін пайдалы модельге патент (қысқа мерзімді патенттер) жүйесі. Бұл жүйе Франция, Нидерланды, Ирландия, Бельгия, Словения мемлекеттері үшін тән [1].

Екінші қорғау жүйесі бойынша пайдалы модельге өнертабыстық деңгейі бойынша төмендетілген талаптар сипатты үш өлшемді техникалық шешімге қорғау көрсетілді. Мәселен, ол Греция, Испания, Португалия, Италия, Финляндия мемлекеттерінде қабылданған.

Үшінші қорғау жүйе негізінде кез келген техникалық шешімдерге патенттік қорғау көрсетілген және пайдалы модель ретінде өнертабыстық деңгейі төмендетілген өнертабыс объектілері танылған. Осындай ереже Германия, Дания, Австрия мемлекеттерінде орын алған [2].

Әрбір елде өнеркәсіптік меншік объектілері қамтылған ұлттық заңнама әрекет етеді. Әлемнің әрбір мемлекетінде «өнеркәсіптік меншік объектілері» ұғымы ұлттық құқық анықтамасына сәйкес әр түрлі түсіндіріледі.

Әлемнің көптеген елдерінде өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғаудың мәні бірдей және тәжірибелік қолдану үшін жарамды, сондай-ақ нысан, құрылым мен олардың жиынтығына қатысты шешімдерге қорғау құжаттарын беруді қамтиды. Сонымен қатар өнеркәсіптік меншік объектілері ретінде қорғалмайтын объектілер тізімі де беріледі. Мәселен, Грецияда — жануарлар мен өсімдіктер түрлері, Гватемалада әдіс, заттар мен металлургиялық материалдар қорғалмайды. Өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау жүйесінің дамуымен оның шеңберінің кеңею тенденциясы байқалуда. Германияда үш өлшемді нысаны жоқ бұйымдардан шектеу алынып тасталған, Малайзияда тәсілдер

де, Австралияда ЭЕМ бағдарламалары да өнеркәсіптік меншік объектілеріне жатқызылған. Қытай Халық Республикасы заңнамасы бойынша өнеркәсіптік меншік объектілері ретінде «нысанға, құрылымға қатысты, тәжірибеде осы екі элементтің үлесімі кезінде пайдалануға жарамды жаңа техникалық шешім» болуы мүмкін. Өнеркәсіптік меншік объектілері ретінде қорғалатын объектілер санын кеңейту нәтижесінде Германия, Қытай Халық Республикасы секілді елдер Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі өнеркәсіптік тоқырауды жеңіп, өндіріс саласын дамытқан.

Мәселен, Германия мен Қытай Халық Республикасында XX ғасырда өнеркәсіптік меншіктің жаңа объектісін — пайдалы модельді азаматтық айналымға енгізу арқылы ел экономикасын елеулі деңгейге көтерген.

Германияда пайдалы модель өнеркәсіптік меншік объектісі ретінде 1981 жылы енгізілген. Ол ретінде өнертабыстық шығармашылықтың жаңа, әрі талапқа сай деңгейін иеленбейтін техникалық шешімдер танылған. Оның азаматтық айналымдағы ерекшеліктері 1986 жылы қабылданған пайдалы модельдерді құқықтық реттеуге арналған арнайы заңда бекітілген. Германияда пайдалы модель ретінде құрылғы мен заттар айқындалған. Аталған заң бойынша пайдалы модель ретінде «жаңа нысанмен, элементтердің орналасуымен немесе сызбалармен ерекшеленетін, өнертабыстық қадамға негізделген және қолдануға жарамды өндіріс құралдары, тұтыну заттары немесе олардың бөліктері» қорғалады. Пайдалы модель өзара байланысты бірнеше элементтерден де құралу мүмкіндігі қарастырылған [3].

Қытай Халық Республикасында пайдалы модель 1985 жылдың 1 сәуірінде күшіне енген арнайы заң бойынша қорғала бастаған және оған нысанға, құрылғыға не тәжірибеде қолдануға жарамды деп танылған өнімдерге қатысты жаңа техникалық шешімдер жатқызылған. Бұл заң бойынша пайдалы модель ретінде мемлекет заңдарына немесе қоғамдық моральға қайшы келетін не жария мүддеге зиян келтіретін өнертабыстық жетістіктер, ғылыми жаңалықтар, интеллектуалдық қызмет ережелері мен әдістері, емдеу әдістері, жануарлар тегі мен өсімдік сорттары, ядролық өнімдерді пайдалану арқылы алынған заттар қорғалмаған [4].

Пайдалы модель жетістіктері әсіресе Қытай Халық Республикасында жақсы бағаланған. Онда пайдалы модель жетістіктері техникалық жаңалықты қорғаудың жоғары нысаны болып табылған. Патенттік заң қабылданғаннан кейінгі 18 жыл ішінде бұл елде аталмыш объектілерге 261813 патент берілген [5].

Германия мен Қытай Халық Республикасының оңтайлы тәжірибесін бірқатар әлем мемлекеттері қолданған. Осылай Жапонияның 1998 жылғы заңы бойынша табиғат заңын пайдалану арқылы техникалық идеяны жүзеге асыру нәтижесі деп ұғынылатын құрылғы пайдалы модель ретінде қорғалған және солардың ішінде қоғам тәртібіне, ізгілікке немесе қоғам мүддесіне қайшы келетін техникалық шешімдер қорғалмаған [6].

Италияның 1987 жылғы 20 наурыздағы «Пайдалы модельдер туралы» заңы бойынша «патент машинаға немесе олардың бөліктеріне, жабдықтарға, құралдарға не күнделікті тұтыну заттарына айтарлықтай тиімділігін немесе қолдану, пайдалану жеңілдігін қамтамасыз ететін жаңа модельге алынуы мүмкін. Сондай-ақ жаңа объект элементтердің елеулі нысандарында, орналасуында, комбинацияларында көрініс табуы қажет» [7].

Ресей Федерациясының 2006 жылғы 18 желтоқсандағы Азаматтық кодексі бойынша пайдалы модельге құрылғысына байланысты жаңа техникалық шешімдер жатқызылған және бұйымның сыртқы түріне ғана қатысты және эстетикалық қажеттілікті қанағаттандыруына бағытталған шешімдер мен интегралды микросызба топологиялары қорғалмайды [8].

Өнеркәсіптік меншік объектілерінің құқықтық қорғалуы үшін заңнамамен бекітілген патентке қабілеттілігі талаптарына сай болуы тиіс. Патентке қабілеттілігі талаптары туралы ақпаратты талдау қазіргі таңда көптеген елдерде өнеркәсіптік меншік объектілері үшін патент қабілеттілігінің үш критерийі бар екендігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді: жаңа, өнертабыстық қызмет (өнеркәсіптік кадам, пайдалылық, өнертабыстық деңгей) және өнеркәсіпте қолдануға жарамды болуы.

Өнеркәсіптік меншік объектілеріне қолданылатын жаңа болу критерийі салыстырмалы әлемдік жаңа болу түрінде (Германия, Жапония, Австрия, Венгрия, Болгария, Испания, Қытай Халық Республикасы, Вьетнам, Тайвань) және абсолюттік әлемдік жаңа болу түрінде (Дания, Чехия, Финляндия, Польша, Италия, Югославия, Мексика, Турция) айқындалады. Кейбір елдерде өнеркәсіптік меншік объектілеріне жаңа болуы жергілікті деңгейде болуымен сипатталады (Біріккен Араб Эмираттары) [9].

Техникалық шешімді жаңа деп есептеу үшін әрбір елдің ұлттық заңнамаларында жеңілдіктер қарастырылған. Мәселен, Германия заңнамасы бойынша шешімнің жаңа екендігін анықтау кезінде өтінім берілген күннен алты айға дейін өтінім берушінің немесе оның құқық иеленушісінің әзірлеуіне негізделген сипаттамалары не пайдаланулары ескерілмейді. Жапонияда және Қытай Халық Республикасында өтінім берілген күнге дейін алты ай ішінде өнеркәсіптік меншік объектілері өмірге енгізуге байланысты өткізілген сараптамалар қорытындылары, өнеркәсіптік меншік объектілері авторының не өтінім берушінің еркінен тыс орын алған ашулар, автордың не өтінім берушінің ел аумағында үкіметтің не мемлекеттің не олардың келісімімен өткізілетін көрмелерде өнеркәсіптік меншік объектілерінің көрсетулер оның жаңа болуын анықтауға кедергі келтірмейтіндігі бекітілген. Аталған жағдай Ресей Федерациясында орын алған. Әрине, заңнама бұл мән-жайлардың дәлелденуін талап етеді.

Өнеркәсіптік меншік объектілеріне қойылатын «өнеркәсіптік деңгей» өнертабысқа және өнеркәсіптік үлгіге қатысты қолданылған және маман үшін техника деңгейі туралы мәліметтерден айқын кездеспеуімен шектелген.

Өнеркәсіптік меншік объектілеріне қойылатын «өнеркәсіптік қадам» пайдалы модельге ғана қатысты. Пайдалы модельдің «өнеркәсіптік қадам» белгісінің мазмұны заңнамалық түрде ашылмаған, бірақ бұл әкімшілік және сот тәжірибесінде өнертабысқа және пайдалы модельге қолданылатын өнертабыстық деңгей айырмашылықтары негізінде көрсетілген. Бұл белгі алғашқы рет Германия заңнамасында көрсетілген және өнертабысқа қойылатын өнертабыстық деңгейден анағұрлым төмен техникалық деңгей жөніндегі мәлімет ретінде айқындалған. Германия заңнамасы бойынша өнертабыстық қадам болып автордың шығармашылық қызмет нәтижесі маманның орташа мүмкіндіктерінен жоғары болу талабы табылады. Жапонияда оның орнына айқын еместік критерийі қолданылады және ол техника саласындағы маманның қабілеттілігінен жоғары болуы талап етіледі. Қытай Халық Республикасында пайдалы модельдің шығармашылық сипаты шешімнің елеулі белгілері мен жетістіктерінің болуы, ал өнертабыстың шығармашылық сипаты шешімнің маңызды белгілері мен мәнді жетістіктерінің болуы арқылы айқындалады [10].

Сонымен, өнертабыс үшін шешімнің шығармашылық көрінісін сипаттайтын белгі айырмашылығы нормативтік-құқықтық актілерде де тек терминологиялық көрініс тапқан, ал пайдалы модель үшін қойылатын бұл белгіге шешім сәйкестігінің нақты бағасы Патенттік ведомствоның немесе сот тәжірибесіне негізделген.

Өнеркәсіпте қолдануға жарамды болу туралы талап «өнеркәсіптік меншік объектісі құрамының өнеркәсіптің кез келген саласында, соның ішінде ауыл шаруашылығында бірнеше рет пайдалану мүмкіндігі болған жағдайында» қанағаттандырылады. Өнеркәсіпте қолдануға жарамды болу белгісінің мазмұнын ашудың осындай нысаны Патенттер институтынан алынған және Еуропалық патенттік конвенцияға негізделіп, көптеген елдерде енгізілген (Германия, Австралия, Венгрия және т.б.). Бірақ бірқатар елдерде өнеркәсіпте қолдануға жарамдылық терминологиясының өзіндік ерекшеліктері бар және пайдалылық сөзімен сәйкестендірілген. Германияда бұл критерий оның өндірістің өнеркәсіптік саласында техникалық құрал ретінде қолдану мүмкіндігі, яғни оның орындалуы мен жұмысқа қабілеттілігі арқылы айқындалған. Қытай Халық Республикасының Патенттік заңы өнертабыс немесе пайдалы модель дайындалуын немесе пайдаланылуын және тиімді нәтижелер беру мүмкіндігін білдіретін «тәжірибелі пайдалану» критерийін бекіткен (22-б.). Жекеленген елдерде өнеркәсіпте қолдануға жарамды болу талабының өзіндік ерекшелігіне қарамастан, пайдалы және коммерциялық пайдалану арқылы тікелей немесе жанама нысанда айқындалуы өнеркәсіптік меншік объектілері үшін міндетті болып табылады, себебі қысқа мерзімде ол қорғауды иеленуге мүмкіндік беруі тиіс.

Өнеркәсіптік меншік объектілеріне қорғау құжатын беру оның мемлекеттік тіркелуі арқылы танылуын білдіреді. Өнеркәсіптік меншік объектілерін тіркеудің әлемде үш түрлі нысаны бөлінген. Олардың біріншісі ретінде әлемнің көптеген елдерінде, соның ішінде Венгрияда, Финляндияда, Австрияда, Чехияда, Жапонияда өнеркәсіптік меншік объектілерді ерікті түрде тіркеу танылады.

Екіншісіне үшінші тұлғаны тартып, сараптама жүргізу арқылы тіркеуді атауға болады және үшіншісіне белгілі бір патентке қабілеттілігі критерийіне қатысты шешімге толық зерттеу сараптамасын жүргізу негізінде тіркеуді жүзеге асыру жатады.

Үшінші тұлғаны тартып, сараптама жүргізу арқылы тіркеу кезінде қарсылық білдіру үшін берілетін мерзім ерекшелігі орын алуы мүмкін. Мәселен, Қытайда патент пайдалы модельге өтінім беру күнінен бастап алты ай ішінде жүргізілетін өтінімді жариялаған күнінен бастап үш айлық

мерзімнің аяқталғанынан кейін беріледі. Италияда өтінім берілгеннен кейін 18 айдан немесе патент берілуді тездетуге ниет білдірген жағдайда кейін 90 күннен соң жарияланады. Қарсылық түскен жағдайда сараптама олардың есебімен жүргізіледі.

Бірқатар елдерде қорғау қабілеттілік талабына өтінім объектісінің сәйкестігін зерттеу қорғау құжатын берудің міндетті талабы болып табылады. Бұл құқық қорғау сенімділігін көтереді, бірақ қысқа мерзім ішінде қорғауды жояды және өнертабыс үшін орын алған патенттік құқықты рәсімдеу процедурасын қайталайды. Осындай тәртіп Польшада, Болгарияда, Бразилияда орын алған.

Шетелдердің ұлттық заңнамасы материалдық-құқықтық және процессуалдық-құқықтық қатынастарда ерекшелене отырып, мемлекеттің өнеркәсіптік меншік объектілеріне берген қорғау сипаттамасына байланысты ортақ және міндетті ережені қамтиды. Өтінім беруші өнеркәсіптік меншікті тіркеу үшін берілетін өтінімді ереже бойынша рәсімдеуге, онда аталған техника саласындағы маманның осы өнертабысты жүзеге асыруы үшін толық, қажетті, жеткілікті мәліметтерді қамтуға және өтінімді уәкілетті мемлекеттік органға беруге міндетті. Өтінімде өнертабыстың толық айқындалуына және оның әрекет етуші талаптарға сәйкес рәсімделуінің өзін қорғауға алуға құқық беріледі. Бірақ осы рәсімделудің қорғалу шешімі заңнамалық тәртіпте белгіленген патентке қабілеттілігі белгілеріне сай болған кезде ғана тиімді болады.

Өнеркәсіптік меншік объектілерін тіркеу үшін белгілі құжаттар жиынтығын қамтитын өтінім беріледі [11].

Өнеркәсіптік меншік объектілерінің мәнін ашатын құжаттарға қойылатын талап әлем елдерінде ұқсас. Олардың көпшілігінде «Бір өтінім — бір өнертабыс» қағидасы бекітілген. Мәселен, Германияның осы саладағы заңнамасы бойынша өнеркәсіптік меншік объектілеріне берілетін өтінімінде бір өнертабыс сипатталуы талап етіледі. Финляндияның патенттік заңнамасының 9-бабына сәйкес «бір өтінімінде екі не одан да көп өнертабысқа берілуі мүмкін еместігі айтылған».

Аталған талап өнеркәсіптік меншік объектілерін тіркеуді жою және оған айрықша құқықты бұзу туралы істер бойынша үдерісті жүргізуді жеңілдетеді. Сонымен қатар көптеген елдерде өтінімге бірнеше өнертабысты енгізу мүмкіндігі сақталған (біртұтастық сақтау талабы кезінде). Италияның Патенттік заңның 1989 жылғы редакциясы бойынша бір өтінім негізінде бір идеяға, соның ішінде шешімдер нұсқауларына сәйкес бірнеше өнеркәсіптік меншік объектілерін тіркеуге рұқсат етілген, бірақ өнеркәсіптік меншік объектілер біртұтастығының талабы сақталып, бір өтінімде сипатталған шешімдердің нұсқауларына қорғау алу мүмкіндігі берілген.

Әлемде өнеркәсіптік меншік объектілерінің ішінде тиімділігі бойынша пайдалы модель иеленеді. Өтінім беруші үшін пайдалы модель түрінде жаңалықтарға қорғау иеленуінің тиімділігіне оны тіркеу мен қорғау құжатын күшінде ұстау құнының төмендігі жатады. Шетелдегі пайдалы модельді құқықтық қорғау құны мен өнертабысты патенттеу құнының арақатынасындағы заңдылықты бақылау өнертабысты патенттеу шығындарының пайдалы модельге құқықты қорғау құжатын иелену құнынан бірнеше есе жоғары екендігін айқындайды. Мысал ретінде Чехияны келтіруге болады. 1993 жылдың қазан айында пайдалы модельге патентті заң күшінде ұстаудың сомалық бажы бірінші төрт жылда өнертабысқа төленетін тиісті баждан 20 есе төмен көлемді құраған. Бірақ Австралия мен Германияда осы баждар 1,2–1,3 есе, Қытай мен Бразилияда 2,7–3,5 есе төмен болумен ерекшеленген [12].

Пайдалы модельді қорғау орын алған елдер заңдарында өтінім берушінің Патент ведомствосына өнертабысқа берген өтінім күнінен бастап оған берілген өтінімді пайдалы модельге берілген өтінім ретінде қайта әзірлеу құқығы бекітілген. Бұл құқық пайдалы модельдің әрекет ету мерзімі ішінде және сараптама шешімінен тәуелсіз жүзеге асырылады. Аталған құқықты іске асыру сараптама нәтижесінің жағымсыз шешім шығарумен аяқталған кезінде маңызды. Сонымен бірге пайдалы модельге берілген өтінім бойынша шешім шығарылған немесе ұлттық заңнамада белгіленген мерзім ішінде оны өнертабысқа өтінім ретінде қайта рәсімдеуге рұқсат етілген.

Өнертабысты пайдаланудың маңыздылығы — пайдалы модельге берілген өтінімді өнертабыс өтінімі деп қайта әзірлеуге құқық беруінде. Өтінімді қайта әзірлеу талабы өзіндік айырмашылықтарымен ерекшеленеді, себебі бұл ұлттық заңдармен регламенттелген. Бұл мәселені шешудің екі бағытын бөлуге болады:

а) өтінімдерді қайта әзірлеу тиісті шешім қабылданғаннан кейін жаңа өтінімге қойылатын талаптарға сәйкес рәсімделіп, бірінші өтінім негізінде жүзеге асырылады;

ә) өтінім берушіге бір уақытта өнертабыс пен пайдалы модельге екі өтінім беруге рұқсат етіледі және бұл жағдайда пайдалы модельге берілген өтінім өнертабысқа берілген өтінімнен бас тарту

туралы шешім қабылданғанға дейін қозғаусыз тұрады (соның ішінде өнертабысқа берілген өтінім бойынша сараптаманың жағымсыз шешімі шығарылған жағдайда).

Кейбір елдер заңнамасында өтінім берушіге бір уақытта екі өтінім беру мүмкіндігі бекітілген: өнертабыс пен пайдалы модельге өтінім беруді рәсімдеу екінші нұсқа бойынша жие жүзеге асырылады. 1987 жылға дейін Германияда бұрынғы әрекет еткен заңнама бойынша екі өтінімді бір уақытта беру мүмкіндігі берілген. Осындай қайта әзірлеу үрдісі Италияда, Австрияда және басқа елдерде сақталған.

Жапонияда өнертабысқа берілетін өтінімді пайдалы модельге берілетін өтінімге ғана емес, сонымен қатар өнеркәсіптік үлгіге берілетін өтінімді пайдалы модельге берілетін өтінімге қайта әзірлеу және, керісінше, орын алуы заңнамалық бекітілген. Италия мен Түркияда өнеркәсіптік үлгіге берілетін өтінім бойынша екі патент алуға болады: егер өнеркәсіптік үлгі бір уақытта бұйымның жаңа эстетикалық көзқарасымен қатар, оның пайдалылығын көрсетеді. Германияда ел ішінде және басқа елдерде өнеркәсіптік үлгіге және пайдалы модельге өтінімдерді ғана емес, сондай-ақ патенттерді де қайта әзірлеуге болады. Қайта әзірлеу өндірісінің аралас сипаттамасы орын алған елдер де бар: бір уақытта өнертабыс пен пайдалы модельге өтінім беруге рұқсат етілумен қатар өтінімді қайта әзірлеу де сақталған (Италия, Австрия).

Бір уақытта екі өтінімді қатар беру пайдалы модельге қосымша қайта әзірлеу функциясын иелендіріп, пайдалы модель түріндегі шешімге қысқа мерзім ішінде қорғауға және патентке өтінім беру арқылы пайдалы модельге құқықты іске асыруға қол жеткізуге жәрдемдеседі.

Сонымен, пайдалы модельге берілетін өтінім бойынша тиісті шешім қабылданғаннан кейін, басымдылық күнін сақтай отырып, өнертабысқа немесе өнеркәсіптік үлгіге берілетін өтінім ретінде қайта рәсімделу және бір уақытта өнертабыс пен пайдалы модельге екі өтінім беруге рұқсат етілу әлем елдерінің заңнамаларында бекітілген. Бір уақытта екі өтінімді қатар беру қайта әзірлеу үшін пайдалы модельге қосымша функция иелендірумен қатар, қысқа мерзім ішінде қорғауды иелену үшін және Патенттік ведомствода патентке өтінімді қарастыру кезеңінде пайдалы модельге құқықты іске асыру үшін жүргізілуі мүмкін.

Патенттік ведомствоға берілген өтінімге ресми сараптама жүргізу кез келген тәртіппен өнеркәсіптік меншік объектісіне қорғау құжатын берудің міндетті талабы болып табылады.

Ресми сараптама мерзімі әдетте ұзақ емес. Көптеген жағдайларда ресми сараптама нақты мерзіммен шектелмейді және өтінім берушіге алғашқы берілген өтінім материалдарын түзетуге және нақтылауға мүмкіндік береді.

Қазіргі техниканың қарқынды даму кезеңінде патенттік қорғауды күшейту қажеттілігі өнертабысты патенттеу кезінде кейінге қалдырылған сараптаманы қолдану уақыты мен тәжірибесіне негізделген.

Бірақ бірнеше қорғау құжатын иелену патенттік құқықты асыра пайдалануға рұқсат берілмеуін регламенттеуді талап етеді. 1992 жылдың 4 қыркүйегінде Қытай Халық Республикасының Патенттік заңына енгізілген өзгерістерге сәйкес патенттерді қайта беруге тыйым салынған және өнертабыстық жетістікке бір ғана патент берілуі мүмкін. 1994 жылғы Жапонияның Патенттік заңының жаңа редакциясына сәйкес пайдалы модельге және өнертабысқа өтінімдер бірдей құрылғыларға қатысты бір күнде берілген және екеуі де тіркелген жағдайда олар жарамсыз деп танылатындығы тікелей белгіленген.

Бір өнертабысқа бірнеше қорғау құжатын иелену мәселесі түрлі шешілетіндігін байқауға болады: Қытайда бір өнертабысқа екі өтінім беруге тыйым салынады; Жапонияда заң патент иесіне екі патенттің бірін күшінде сақтау үшін таңдау жасауын талап етеді. Тайваньда қазіргі кезде бір тұлғаға бір өнертабысқа екі патент иеленуге рұқсат етілген.

Шетелде, соның ішінде Германияда пайдалы модельге берілетін патентті өнертабысқа берілетін өтінім ретінде қайта әзірлеу үшін ғана пайдаланбайды, сонымен қатар ол құқықтық мәртебесі бойынша өнертабысқа берілетін өтінімге теңестірілгендіктен, ішкі басымдылықты (Австрия, Германия, Жапония), конвенциялық басымдылықты тек пайдалы модельге өтінім беруді сұрау үшін ғана емес, сондай-ақ ол өнертабыс пен өнеркәсіптік үлгіге өтінім беруді де сұрауға негіз ретінде қарастырылады; пайдалы модель мен өнертабысқа берілетін өтінім негізінде көптеген басымдылық сұралуы мүмкін; пайдалы модельге біртұтастықтың бұзылуы арқылы берілген өтінім негізінде пайдалы модельге де, өнертабысқа да бөлінген өтінім үшін басымдылық сұрауға болады.

Шетелдегі пайдалы модель институтының дамуын талдау кезінде пайдалы модель институтының көптеген жағымды белгілерін сақтаған институттарға көңіл бөлмеу мүмкін емес

(қорғауды тез алу, баждың төмендігі, патент үшін қорғаудың екінші деңгейі ретінде пайдалану мүмкіндігі), бірақ олар өзіндік ерекшеліктерімен айқындалады.

1979 жылдан бастап Австралияда кіші патент деп аталатын, яғни әдеттегіден де қысқа мерзімге берілетін құжаттарға өтінім беру мүмкін бола бастады. Кіші патенттің әрекет ету мерзімі патент иеленушісінің өтініші бойынша бес жылға дейін ұзартылуы мүмкін, сонымен кіші патент әрекетінің шектеулі мерзімі өтінім берілген күннен бастап алты жылды құрайды. Ұзақ уақыт бойы осындай өтінім үшін өнертабыстық деңгейі талап етілмеген, бірақ 1996 жылғы 15 наурызда Австралия Парламентіне кіші патенттерді қорғау жүйесін қайта қарау туралы жоба ұсынылды. Ол жоба бойынша техника деңгейіне белгілі үлес қосатын барлық объект түрлерін қорғау ұсынылған.

Қысқа мерзім ішінде қорғауды енгізу қажеттілігіне байланысты «пайдалы модель» ұғымының өзі де өзгерістерге ұшырай бастады. Мәселен, 1990-жылдардан бастап Германияда пайдалы модель ретінде химиялық заттарға, тамақ және фармацевтикалық өнімдерге қорғау көрсетілген, 1992 жылғы Данияның Пайдалы модельдерді қорғау туралы Заңы дәрі-дәрмек, тамақ өнімдеріне қатысты шешімдерді қорғауды бекіткен. Бразилияда пайдалы модель ретінде кескіш бұйымдар, скульптуралар, ғимараттар, ыдыстар, суреттер, тігілген заттар, таза эстетикалық үлгілер қорғалады. Грецияда — жануар мен өсімдік түрлері; Гватемалада — әдістер, заттар, металлургиялық материалдар [13].

Бірқатар елдерде өнеркәсіптік меншік объектілеріне патент абсолютті әлемдік жаңа және өнеркәсіпте қолдануға жарамды болу критерийлеріне жауап беретін құрылғылардың шешімдеріне беріледі (Түркияның «Патенттік құқықтарды қорғау туралы» 1995 жылғы 7 қарашадағы заң күші бар № 551 Декреті). Өнеркәсіптік меншік объектілерінің өтініміне сараптама үшінші тұлғаның қатысуы арқылы жүргізіледі, ресми және мәні бойынша сараптама аяқталғаннан кейін өтінім жарияланады және жарияланған сәттен бастап үш айлық мерзімде қарсылық білдіруге мүмкіндік беріледі. Қарсылық болмаған немесе олардың негізсіз болған жағдайында өнеркәсіптік меншік объектілеріне патент беру туралы шешім қабылданады. Түркияның Патенттік ведомствосы өтінім берушінің немесе құқық иеленушісінің сұранысы бойынша патенттік іздеу жүргізеді және оны сұраған тұлғаға есепті жолдайды.

Сонымен қатар Түркияда патентке берілген барлық өтінімдер бойынша (патентке қабілеттілігі критерийлері — абсолюттік әлемдік жаңа, өнертабыстық деңгейі, өнеркәсіпте қолдануға жарамды болуы). Патенттік ведомство іздеу жүргізеді, олардың нәтижесі есепте келтіріледі, кейін өтінімді есеппен бірге жариялайды. Егер өтінім берушінің қалауымен мәні бойынша сараптама жүргізу туралы өтініш білдірілсе, онда оның оң нәтижесі бойынша оның өнертабысқа патент алу құқығы туындайды. Бірақ, егер мәні бойынша сараптама талап етілмесе, шешімге жеті жылға патент алуға болады. Егер белгіленген мерзім ішінде әрекет етуі қысқартылған патент иесінен сараптама жүргізу туралы өтініш түспесе, өтінім берілген күннен бастап жеті жыл өткен соң қорғау құжаты әрекетін тоқтатады.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, әрекет ету мерзімі қысқартылған патент институтының құқықтық базасын қалыптастыруда ауқымды уақытты талап ететіндігін айтуға болады.

Сонымен, өнеркәсіптік меншік объектілерін мемлекеттік тіркелудің шетелдік тәжірибесі уәкілетті органға өтінім беруді, уәкілетті органмен ресми және мәні бойынша сараптама жүргізілуді және оның шешімі жағымды болған жағдайда патент нысанындағы қорғау құжатын беруді, сондай-ақ өтінім құжаттарының жариялануын қамтиды.

Өнеркәсіптік меншік объектілеріне айрықша құқық иеленушінің патенттелген объектіні қолдануына ғана емес, оны пайдалануына тыйым сала алатындығын білдіреді. Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтың әрекет ету шегі формаларда баяндалған талаптар уақытымен, аумағымен және мазмұнымен анықталады және оларды түсіндіру үшін сипаттамалар мен сызбалар қажет етіледі (Германия, Австрия, Италия, Жапония және т.б.).

Өнеркәсіптік меншік объектілеріне айрықша құқық мазмұны Германияның патенттік жүйесіне негізделген барлық үшінші тұлғалар үшін тыйым салынған белгілі әрекеттерді нақтылау үлгісінде (Дания, Қытай) немесе патент иеленуші уәкілеттілігіне қатысты әрекеттер тізімін бекіту арқылы ашылады. Әдетте, айрықша құқықты қамтитын әрекеттерге объектінің мәні болып табылатын бұйымды белгілі мақсатта дайындауға және сатуға, айналымға енгізуге, сақтауға не импортқа ұсынуды білдіреді. Бірақ кейбір елдердің патенттік заңдары патент иеленушінің айрықша құқықтары — меншік уәкілеттілігіне негізделеді. Мысалы, Жапонияда өнеркәсіптік меншік объектілері үшін Патенттік заңының 2-бабында «өнертабысты пайдалану келесі әрекеттерді білдіреді: өнертабысқа

сәйкес өндіру, қолдану, басқа тұлғаға беру, жалға беру, басқа тұлғаға беруге не жалға беруге ұсыну, сонымен қатар өнімдер әкелу» қарастырылған [14].

Құқық иелерінің айрықша құқықтарына міндетті түрде патентті басқа адамға қайта беру, оны лицензиялау, мұра бойынша қалдыру және патенттің мәнінен туындайтын басқа да құқықтар жатады. Сонымен қатар заңдарда алдын ала пайдалану құқығы (Қытай, Австралия) және күштеп лицензия беру де бекітілген.

Мәжбүрлеп лицензиясын беру негіздері және мәжбүрлеп лицензиялаудың жүзеге асырылуы шетелдерде өзіндік белгілермен ерекшеленеді, бірақ көптеген елдер заңдарында келесі жалпы белгілерді айқындауға болады:

а) күштеп берілетін лицензия қорғау құжаты берілген күннен бастап белгілі бір кезең ішінде өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдаланбаған жағдайда беріледі;

б) күштеп берілетін лицензия тәуелді объектілерге қатысты орын алады;

в) мемлекеттік органдар қоғам мүддесі үшін төтенше жағдай кезінде күштеп берілетін лицензияны және т.б. талап етуге құқылы.

Олардың кейбір елдер заңдарында бекітілуін қарастырып көрейік. Мәселен, Қытайда күштеп берілетін лицензия жалпы сипатта бекітілген. Қытай Халық Республикасының Патенттік заңының 51-бабына сәйкес, егер өнеркәсіптік меншік объектіні пайдалануға мүмкіндігі бар ұйым патент иеленушіге оның патентінің талаптары бойынша объектіні пайдалануға рұқсат етуге өтініш білдірсе және бұл әрекеттері нәтижесіз болса, Патенттік ведомство патентті пайдалануға күштеп берілетін лицензиясын беруі мүмкін. Лицензия патент берілген күннен бастап үш жыл өткеннен кейін беріледі. Күштеп лицензия беру туралы өтініш беруші ұйым патент иеленушінің онымен лицензиялық келісім жасасуға келіспейтіндігін және лицензиаттың патентті пайдалануға дайындығын растауы қажет.

Жапонияда күштеп лицензия беру өнертабыстың үш жыл бойы пайдаланылмаған жағдайында орын алуы мүмкін. Италияда күштеп берілетін лицензия тек патент иеленуші немесе оның құқық иеленушісі өнеркәсіптік меншік объектісін оған патент берілген күннен бастап үш жыл немесе өтінім берілген күннен бастап төрт жыл ішінде пайдаланбаса және пайдалы модельді пайдаланбау ел қажеттілігіне сәйкес келмесе орын алған. Күштеп лицензия беру туралы өтініш Патенттік ведомствоға жолданады, және сол арқылы уәкілетті орган әрекет ету мерзіміне, пайдалану режиміне және басқа да лицензиялау талаптарына қатысты шешім шығарады.

Заңнаманы жүйелендіру негізінен патент беруге қатысты қатынастарды реттеуге байланысты. Бірақ патенттің қорғау әрекетіне қатысты патенттік заңнама ережелері әрбір елде өзіндік ерекшеліктерін сақтаған. Құқық иеленушінің құқығын бұзғаны үшін белгілейтін жауапкершілік нысандары, әдетте ұлттық Патенттік заңнамада мазмұндалған. Бірақ олардың көлемі салыстырмалы ауқымды емес және тәжірибеде патент иесінің құқықтарын бұзғаны үшін жауапкершілік шаралары патенттік құқық нормалары негізінде емес, көбіне ұлттық құқықтың басқа салаларымен реттеледі.

Құқық иеленушінің құқықтарын бұзғаны үшін көзделетін жауапкершілік жекеленген белгілер бойынша азаматтық, әкімшілік және қылмыстық болып бөлінеді. Біз тек азаматтық жауапкершілікті ғана қарастырамыз.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік аясында құқық бұзушы патент иеленуші алдында жауапкершілікті көтереді және құқық бұзушының мүліктік жағдайына ықпал ететін ақшалай және басқа да санкцияларға тартылады.

Германияның, Жапонияның және әлем континенттерінің, басқа да елдердің азаматтық құқығы құқық бұзушының әрекеттері арқылы келтірілген зиян үшін жауапкершілік қағидасын іске асырады («басты деликт» қағидасы). Бұл елдерде патентке құқықты бұзу нәтижесінде шартсыз зиян келтірілгені үшін азаматтық құқықтық жауапкершілік тудыратын деликтің жеке жағдайы қарастырылады.

Патентке құқықты бұзғаны үшін жауапкершіліктің аса маңызды түрі — бұл келтірілген шығынды толық өтеу. Әдетте оның өтеміне құқық бұзушының әрекеті нәтижесінде патент иеленушісінің шеккен зияны мен айрықша құқықтың заңды пайдалануы кезінде алынуы мүмкін табысы кіреді [15].

Заңнамада бекітілген патент иеленушінің құқықтарын бұзғаны үшін жауапкершіліктің қажетті негіздері ретінде:

а) құқыққа қарсы әрекетті жасау, яғни айрықша құқықты бұзу ретінде саналатын нақты әрекет;

ә) зиян келтіру;

б) әрекет пен зиян арасындағы себепті-тергеулік байланысы;

в) құқық бұзушының кінәлі болуы жатады.

90-шы жылдары қабылданған жаңа заңнама (Австрия, Германия, Қытай Халық Республикасы, Жапония және т.б.), жоғарыда көрсетілгендей, өнеркәсіптік меншік объектісіне құқықты тікелей бұзуды құрайтын әрекеттердің шектеулі тізімін белгілеуге ұмтылған. Осындай әрекеттерге: заңсыз дайындау, елге әкелу, сату немесе басқа нысанда азаматтық айналымға енгізу, сатуға ұсыну (азаматтық айналымға енгізу), өнеркәсіптік қолдану (пайдалану, өндірістік тұтыну және т.б.), кейінгі сату немесе пайдалану мақсатында сақтау жатқызылған.

Өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау саласындағы қазіргі заңнама өтініш берушіге, патент иеленушіге немесе кез келген мүдделі тұлғаға Патенттік ведомство алдында өтініш берілген объектінің патентке қабілеттілігін бағалау кезінде ескерілетін патенттік іздеуді жүргізу туралы өтініш беруге құқық беретін нормаларды қамтиды. Іздеу жүргізуді регламенттейтін нормалар көптеген елдер заңдарында пайда болған, ал Жапонияда іздеу жүргізудің 6 жылдық мерзімі белгіленген. Патенттік іздеу мазмұнын регламенттеу мәліметтердің релевантті қайнар көздері тізімін ғана емес, сонымен қатар объектінің патентке қабілеттілігі белгілерін бағалауды да қамтиды.

Іздеу — өнертабысты патенттеу кезінде де пайдалы, бірақ жаңа техникалық шешімге қорғау алудың тиімді жолын таңдауға мүмкіндік беретін құрал ретінде ғана.

Қайта жүргізілетін сараптама өнертабысқа берілген өтінім мен пайдалы модельге берілген өтінім бойынша сараптаманың шығарған шешімінің дұрыстығын және өнертабысқа патентті немесе пайдалы модельге тіркеуді жою өндірісі шеңберінде патентке қабілеттілікті бағалауға мүмкіндік береді, бірақ іздеу ретінде тиімді қорғауды таңдауға мүмкіндік бермейді, соның ішінде қайта жүргізілетін сараптама әдетте қатаң регламенттелген және тіпті шешімнің патентке қабілеттілігіне қатысты сараптамалық қорытындыны қамтитын іздеуден артық уақытты алады.

Сонымен, қоғамның барлық қызмет ету салаларында көрініс табатын және ел экономикасын бәсекеге қабілеттілігін арттыратын техникалық шешімдерді қамтитын объектілер ғылыми-техникалық прогресс жолымен жүрудің бірден-бір алғышарты. Шетелдерде құрылымдық белгісі бар, жаңа, әрі шығармашылық сипатпен ерекшеленетін, сондай-ақ пайдалану мүмкіндігін және тәжірибелі маңызды нәтижелерді беретін өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау кез келген ел үшін маңызды. Бұл объектілердің әрқайсысы өз алдына ерекше орынды иеленеді және өнеркәсіптік меншік объектілерінің деңгейін көтеру міндеттерін бірдей атқарады. Өнертабыс өнеркәсіптік меншік объектілерінің ішінде азаматтық айналымға алғашқы енгізілген объект және әлем елдерінің барлығында қорғауды иеленген. Пайдалы модель Германияның 1891 жылғы Пайдалы модель туралы арнайы Заңымен қорғау енгізілген және өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттарын, олардың құрамдас бөліктерін конструкциялық орындауды білдіретін объект. Қазіргі кезде оларды құқықтық қорғау институты ретінде әлем елдерінің басым бөлігінде енгізілген (қорғау енгізілмеген елдерге АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Швеция жатады).

Өз кезегінде өнеркәсіптік үлгі бұйымның сыртқы конструкциялық және көркемдік сипатын білдіретін әлемнің көптеген елдерінде қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісінің ерекше объектісі болып табылады.

## References

- 1 The advantages of utility models in Europe // Patent case. Digest of Russian and foreign press. — 1998. — № 6. — P. 7–11 // N.Finkel, Starobogatova V.A. New trends in the legal protection of utility models // Patents and licenses. — 1996. — № 6. — P. 17, 18.
- 2 Sixty years of inventions in the USSR. — Moscow, 1979. — P. 8.
- 3 *Ionans V.A.* About desirable changes in provisions on inventions and technical improvements / Soviet State and Law. — 1956. — № 6. — P. 32, 33.
- 4 *Eremenko V.* Comment to the laws of China: Patents and Trademarks // Intellectual property. — 1995. — № 1, 2. — P. 60.
- 5 China: The proposal to change the system of utility models експертизы // Patent case. Digest of Russian and foreign press. — 1999. — № 5. — P. 35–36.
- 6 *Finkel N.K.* Legal protection for utility models. — Moscow: NGO «Search», 1992. — P. 48.
- 7 Italian law on utility models. — Moscow: Institute of Fire Prevention, 1995. — P. 23.
- 8 Commentary to Part IV of the Civil Code of the Russian Federation / Ed. A.L.Makovskogo; vstup.st. V.F.Yakovleva; issled., Chastn. prava Center. — Moscow: Status, 2008. — P. 715.
- 9 *Krawiec L.G.* Protection of Utility Models: Status and Prospects // Patent case. Digest of Russian and foreign press. — 1998. — № 9, 10. — P. 40–43.
- 10 *Polyakov V.P.* New in the Patent Protection of China — digest «Patent Business». — 1995. — № 2. — P. 18, 19.